

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП - 2024» АКЦИЯСЫ



«Бір ел – бір кітап — 2024» республикалық акциясы бойынша қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев шығармалары жаппай оқуға ұсынылды. Сонымен қатар биыл Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне енгізілді.

Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізілуде.

Көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазан күні Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген.

Б. Соқпақбаев ең алдымен балалар жазушысы. Балалық пен жастық оның барлық кітаптарының негізі. Соқпақбаевтың шығармалары негізінен автобиографиялық болып табылады. Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастап «Лениншіл жас», «Қазақ пионері», «Пионер» журналдарында басылып тұрды. «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында қызмет атқарды. 1952-1970 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызмет атқарды. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында редактор болып жұмыс істеді.

Қазақ кино өнерінің алтын қорына енген «Менің атым Қожа» фильмінің сценарийін жазды. 1963 жылы экранға шыққан бұл туынды қазақ кино өнерінің бойтұмарына айналды. 1967 жылы балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі арнаулы жүлдеге ие болды. Фильмнің шыққанына жарты ғасырдан асса да, көрерменін әлі жалықтырған жоқ. Елордада 2022 жылы Балалар жылы аясында қазақ халқының үздік дәстүрлеріндегі бала тәрбиесін бейнелейтін «Менің атым Қожа» туындысының негізінде түсірілген көркем фильмнің кейіпкеріне арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы өтті.



«Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» повестері балаларға арналса, «Бозтөбеде бір қыз бар» жасөспірімдерге, «Өлгендер қайтып келмейді» романы ересектерге арналып жазылған.

Жазушының туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тіліне аударылып, сахнада, экранда көрсетілді. Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларының шет тілдерге аударылуына елеулі үлес қосып жүргендердің бірі – қаламгердің қызы Самал Соқпақбаева. Әкесінің талай шығармасын орыс тіліне аударды.

Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында, оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі.

Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портретін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлете білген. Кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой-пікірлері жазушының басты көркемдік әдісі болып табылады.

Жазушының шығармалары:

- «Бұлақ» (1950) өлеңдер жинағы
- «Он алты жасар чемпион» (1951)
- «Бақыт жолы» (1952)
- «Алыстағы ауылда» повесті (1953)
- «Менің атым Қожа» (Меня зовут Кожа) повесті (1957)
- «Бозтөбеде бір қыз бар» (1958)
- «Әпенденің айласы» (1960)
- «Балалық шаққа саяхат» (Путешествие в детство) повесті (1960).
- «Дала жұлдызы» (1960)
- «Аяжан» повесті (1963, орыс тілінде 1965)
- Қайдасың, Гауһар? (Где же ты, Гаухар?) (1966) повестерін жазды.

Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларымен жақынырақ танысқыларыңыз келсе, Дулати университетінің кітапханалық-ақпараттық орталығының көркем әдебиет секторларындағы қорынан алып оқуларыңызға болады.